

Салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асыратын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерін қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша қызметтерді көрсету

ШАРТЫ

Салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерін қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша қызметтерді көрсету туралы Шарты (бұдан әрі-Шарт) Қазақстан Республикасы премьер-министрінің бірінші орынбасары- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 363 бұйрығы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Оператор» деп аталатын «Транстелеком» акционерлік қоғамының фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына өзгермеген түрінде беру бойынша қызметтерді, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп, әрі қарай «Тараптар» деп аталатын осы Шартқа қосылған тұлғаға көрсетудің жалпы талаптарын бекітеді.

1. Осы Шартта қолданылатын терминдер мен қысқарған сөздердің анықтамасы

Авторлану	Пайдаланушыны сәйкестендіру және оның Жеке кабинетіне қолжетімділікті алу мақсатында, Оператор порталында өзінің тіркелу деректерін енгізу ресімі
Авторлану деректері	Пайдаланушы қолдана отырып, Оператордың Деректерді өңдеу орталығына қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін алып, осы Шарттың талаптарына сәйкес, тиісті Қызметтерді толық функционалды пайдалануды бастай алатын логин/құпиясөз және/немесе қол жеткізу кілті және /немесе басқа да ұқсас ақпараттар
Шарт	салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сату кезінде жүзеге асыратын ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерін қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған типтік шарты
Бақылау-касса машиналары, БКМ	Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы деректерді тіркеуді (немесе)

	және беруді қамтамасыз ететін функциясы бар электрондық құрылғы
Дербес шот	электронды түрде Пайдаланушының Қызметтерге төлем жасау шотына енгізілген, көрсетілетін Қызметтердің көлемін, ақшалай қаражаттың түсуі және жұмсалуды есепке алуға арналған Оператордың аналитикалық есеп құжаты.
Жеке кабинет	Оператор мен Пайдаланушы арасында жасалған Шартты орындау шеңберінде www.ofd1.kz мекенжайы бойынша Оператордың Порталына Пайдаланушының тіркелетін есептік жазбасы, ол Пайдаланушыға көрсетілетін Қызметтерді басқаруға, Жеке шоттың жағдайын тексеруге, Тарифтік жоспарды таңдауға, Қызметті қосу шартын жасауға немесе бұзуға, сондай-ақ Оператордың қойған талаптары бойынша басқа әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жеке кабинетке қолжетімділік авторланған Қызметті пайдаланушыға беріледі.
Фискалдық деректерді өңдеу	Фискалдық деректер базасын қалыптастыру және (немесе) пайдалану кезінде техникалық құралдарды пайдалана отырып, сенімхатты алу, тексеру, жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, өзгеріссіз күйінде сақтау, шығару, пайдалану, мемлекеттік кірістер органдарына аударуды қосқанда Оператордың орындаған кез-келген әрекеті (кез-келген операция) немесе әрекеттер (операциялардың) жиынтығы.
Оператор	Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган айқындаған, ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін «Транстелеком» акционерлік қоғамы
Есеп беру кезеңі	Оператордың қызметтері көрсетілген күнтізбелік ай
Есептелу мерзімі	Пайдаланушыға ФДО қызметі көрсетілген айдан кейінгі басталған толық күнтізбелік ай
Әріптес (тер)	Оператормен жасалған шарттар негізінде, жоғары сапалы Қызметтер көрсету мақсатында Оператор тартқан, оның ішінде Оператордың жұмыс процестеріне қызмет көрсету үшін тартылған БКМ техникалық қызмет көрсету орталықтары
Дербес деректер	әліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер

Пайдаланушы	фискалдык деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарында өзгеріссіз күйінде беру қызметтерін алу мақсатында осы Шартқа қосылған салық төлеуші
Портал	www.ofd1.kz сайтында орналасқан, Пайдаланушымен интерактивті әрекеттесуге арналған Оператордың интернет-ресурсы
Тарифтік жоспар	Қызметтердің тізбесі мен құнын белгілейтін, оларды ұсынудың ерекшелігі мен қағидаттарын, тарифтеу және әрекет ету мерзімін анықтайтын Оператор орнатқан тарифтік ұсыныстар жүйесі
Техникалық және ақпараттық қолдау	Қызметті көрсету мәселелері бойынша Оператордың Пайдаланушыға жазбаша және ауызша беретін кеңестері (ақпараттық қолдау), сондай-ақ Қызметтерді көрсетуге байланысты Оператордың жауапкершілігі аясында пайда болатын техникалық пробелемаларды жою (техникалық қолдау)
Қызмет	Деректерді беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданып іске асырылатын ақшалай есеп айырысу туралы (фискалдык деректер) электрондық ақпараттарды қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына өзгермеген түрінде беру
Оператордың деректерді өңдеу орталығы	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, БКМ пайдалана отырып жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысу туралы электрондық ақпараттарды қабылдауға, өңдеуге және сақтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық-аппараттық кешен орналасқан арнайы орынжай (бұдан әрі - БАК)
Электрондық цифрлық қолтаңба, ЭЦҚ	электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы. ЭЦҚ қол қойған тұлғаның қолымен тең және бірдей заңды күшке ие.
VPN	БКМ рұқсат етелмеген қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ететін, БМК Оператордың серверіне қосуға тағайындалған виртуалдық жеке желі
Өтінім	Пайдаланушы, Пайдаланушының БКМ, Пайдаланушы таңдаған Қызметке қосылу тәсілі туралы ақпараттарды, Тарифтік жоспар және Қызметке қосылу күні туралы мәліметтерді

2. Жалпы ережелер

2.1. Осы Шарт қосылу шарты толып табылады, Шарттың талаптарын Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздігінен бекітеді және Пайдаланушы осы Шартқа қосылу арқылы оның талаптарын қабылдайды. Осы Шарт Пайдаланушының Порталда орналастырылған электрондық нысандағы №1 Өтінімге ЭЦҚ арқылы қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді.

2.2. Пайдаланушының осы Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген нысан бойынша №1 Өтінімге ЭЦҚ арқылы қол қоюы Шарттың талаптарымен сөзсіз келісуін және оған толық қосылуын білдіреді.

2.3. Оператордың мемлекеттік кірістер органдарынан Пайдаланушының тіркелу деректерін және ақшалай есеп айырысуы туралы ақпараттарын алуға және оларды өңдеуге сөзсіз келісімін береді.

2.4. Тараптар Шартқа сәйкес Порталда құрылған, Пайдаланушы ЭЦҚ арқылы қол қойған электрондық құжаттарды қағаз жүзіндегі құжаттардың баламасы деп таниды.

2.5. Қызметтер Пайдаланушыға:

- 1) VPN қосылуды ұсыну кезінде техникалық мүмкіндігі;
- 2) Пайдаланушының жекеменшігінде, иелігінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін БКМ болған жағдайда ұсынылады.

2.6. Қызметтер туралы ақпарат Порталда орналастырылады және Порталдың ақпараттық-анықтама қызметі арқылы Пайдаланушылардың назарына жеткізіледі.

3. Шарттың мәні

3.1 Оператор осы Шартқа сәйкес, Пайдаланушы БКМ-мен ақшалай есеп айырысуды жүзеге асырған кезде Пайдаланушыға Қызмет көрсетуге міндеттенеді, ал Пайдаланушы осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілетін Қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

3.2. Оператор көрсеткен және Пайдаланушы алған Қызметтерге төлем таңдалған тарифтік жоспарға сәйкес, осы Шарттың 6 бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттары

4.1. Пайдаланушы Қызметтерді осы Шартта көзделген жағдайларда ғана пайдаланады.

4.2. Порталда Пайдаланушыны тіркеу тәртібі мен талаптары Оператормен анықталады. Пайдаланушы туралы ақпараттың дұрыстығы үшін Пайдаланушының өзі жауапты.

4.3. Осы Шартқа сәйкес Қызметтерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін Пайдаланушы Порталда Авторландыруға міндеттенеді.

4.4. Жеке кабинетіне авторланған Пайдаланушыға Порталда кіру үшін авторлану деректерін енгізу талап етілмейді.

Пайдаланушы Оператордың жеке мәліметтерді жинауына, өңдеуіне, сондай-ақ Қызметтер көрсету мақсатында басқа әрекеттер жасауы үшін үшінші тұлғаларды, оның ішінде Серіктестерді тартуға құқығы бар екеніне келіседі және қарсылық білдірмейді.

4.5. Порталда Пайдаланушының алғашқы авторлануы Порталда Пайдаланушыны автоматты түрде тіркеп, Жеке кабинетін ашу арқылы жүзеге асырылады. Порталға Пайдаланушы келесі кіретін кезде Жеке кабинетке кіру Порталда Авторландыруға арналған авторлану деректерін пайдалану арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, Порталда авторланған Пайдаланушыға Жеке кабинетке кіру үшін қосымша әрекеттер жасау талап етілмейді.

4.6. Фискалдық деректерді қабылдау, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беруді Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

5. Тараптардың құқықтар мен міндеттері

5.1. Оператор:

5.1.1. Шарт жасалып, БКМ тіркелгеннен кейін және Пайдаланушы қызметтерге қосылғаннан кейін Қызметті көрсетуге кірісуге;

5.1.2. осы Шартта көзделген көлемде және мерзімде Пайдаланушыға Қызмет көрсетуге;

5.1.3. Пайдаланушыға Порталдағы Жеке кабинетіне тәулік бойы қол жеткізу құқығын беруге;

5.1.5. Пайдаланушыға Қызметті алуды қиындататын немесе нашарлататын төтенше жағдайлардың туындауы туралы ақпаратты Порталда орналастыру арқылы дер кезінде хабарлауға;

5.1.6. БКМ Оператордың Деректерді өңдеу орталығымен VPN қосылуын қамтамасыз етуге;

5.1.7. Пайдаланушыға Қызметтерді көрсетудегі ақауларды, үзілістерді жоюға шаралар қабылдауға және сапасының нашарлауын болдырмауға, қажет болған жағдайда кемшіліктерді жою үшін тиісті қызметкерлерді жіберуге;

5.1.8. Порталда Пайдаланушыға қызмет көрсетудің, Шарттың, тарифтік жоспарлардың және т.б. өзгеруіне байланысты ресми хабарламаларды жариялауға;

5.1.9. Пайдаланушыға Порталда көрсетілген телефондар бойынша тәулік бойы ақпараттық қолдау көрсетуге;

5.1.10. Пайдаланушыға жұмыс күндері Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен 09 сағат 00 минуттан 18.00 сағат 00 минутқа дейін Порталда көрсетілген телефондар бойынша немесе help@ofd1.kz мекенжайына түскен Пайдаланушының өтініштері бойынша техникалық қолдау көрсетуге міндеттенеді.

5.1.11. салық құпиясы болып табылатын, салық төлеуші туралы ақпараттың құпия болуын қамтамасыз етеді. Фискалдық деректерді және басқа да ақпараттарды мемлекеттік органдарға, өзге де мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, сот органдарына олардың өтініші бойынша беру құпиялықты бұзу болып есептелмейді.

5.1.12. осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерге жауапты болады.

5.2 . Оператор:

5.2.1. Осы Шарт бойынша өзіне барлық құқықтарды қалдыра отырып:

1) егер Пайдаланушы Қызметтің төлем мерзімін бұзса;
2) Оператордың ақылға қонымды пікірі бойынша, Пайдаланушының Қызметті қолдануы Операторға залал келтіретін болса және/немесе Оператордың және үшінші тұлғалардың техникалық және бағдарламалық құралдарының іркілісіне әкелетін болса;

3) Оператордың байланыс желілерінің бұзылуына әкелетін, Пайдаланушы кодтарды қамтитын, өз әрекеті бойынша компьютерлік вирустары немесе оларға теңестірілген басқа да компоненттері бар кез келген ақпаратты немесе ЭЕМ арналған бағдарламаларды жариялаған немесе таратқан кезде;

4) егер Қызметті көрсету мемлекеттің қауіпсіздігіне және қорғаныс қабілетіне, адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін болса;

5) уәкілетті мемлекеттік органның ұйғарымы негізінде;

6) егер Пайдаланушы реквизиттерді мен БКМ деректерін, нақты БКМ, сондай-ақ барлық қалған БКМ қатысты деректерді дұрыс көрсетпесе Жеке кабинетті өшіріп, Қызметтерден ажыратуға дейін;

7) Пайдаланушы Шарт талаптарын бұзған жағдайда Қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.

Оператор Қызмет көрсетуді тоқтату үшін негіз болып табылатын бұзушылықты және/немесе мән-жайларды жойғаннан кейін, VPN байланысын ұсынуға техникалық мүмкіндік болған жағдайда, сондай-ақ Дербес шотта Тарифтік жоспарға сәйкес тиісті айға арналған жалпы сомадан кем емес қаражат болса Қызметті қайта көрсетуді жүргізеді.

5.2.2. осы Шарттың талаптарын орындау үшін Пайдаланушыдан қажетті ақпаратты алуға құқылы;

5.2.3. осы Шартты орындауға үшінші тұлғаларды, Серіктестерді тартуға, сондай-ақ Қызметті дұрыс көрсету және Шартты орындау мен жүзеге асыру үшін Келісім жасауға құқылы.

5.2.4. осы Шартқа, оның қосымшаларына, сонымен бірге тарифтер мен тарифтік жоспарларды қоса алғанда, Порталға 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын бұл туралы ақпаратты жариялау арқылы бір жақты тәртіпте өзгертулер мен толықтырулар енгізуге;

5.2.5. БКМ ерекше жағдайларда пайдалану құқығын беретін акция жүргізіледі;

5.2.6. Оператор қызмет көрсететін клиенттердің тізімінде Пайдаланушының атауын және сауда белгісін пайдалануға құқылы;

5.2.7. Пайдаланушыдан Шартты орындау және Қызмет көрсету үшін қажетті ақпаратты талап етуге және алуға;

5.2.8. Осы Шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

5.3. Пайдаланушы:

5.3.1. Бақылау-касса машиналарын пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін және мемлекеттік кіріс органында тіркелген БКМ қолдануға;

5.3.2. Порталда орналастырылған нұсқаулыққа, сондай-ақ БКМ пайдалану нұсқаулығына сәйкес БКМ-ді Оператордың Деректерді өңдеу орталығына қосуға;

5.3.3. жердегі VPN арнасын қосқаннан кейін тез арада жұмысты қабылау актісіне және/немесе жабдықты уақытша пайдалануға беру актісіне қол қоюға, егер оны Оператор бекіткен нысанда, Оператор ұсынатын болса;

5.3.4. егер Пайдаланушы байланыстың жергілікті желісін VPN арнасының қосу нүктесі БКМ-нан тыс болатындай етіп ұйымдастырса, Пайдаланушы БКМ-нан Оператордың VPN арнасына қосу нүктесіне дейін берілетін деректердің сақталуын және қауіпсіздігін өздігінен қамтамасыз етеді;

5.3.5. Шарттың талаптарына сәйкес, Оператор көрсеткен Қызметтерге уақтылы және толық көлемде төлеуге;

5.3.6. Портал арқылы Қызметтен БКМ ажырату, ККМ тіркеу, қайта тіркеу, БКМ есептен шығару туралы өтініш береді. Оператор Есептік кезең ішінде БКМ әрекетсіз болса, Қызмет көрсеткені үшін абоненттік төлем есептемейді;

5.3.7. тіркеу деректері мен авторлану ақпаратының сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етеді және өз ресурстарының баптауларын оны үшінші тұлғалардың жауапсыз пайдалануынан қорғау әдісін қолдана отырып іске асырады. Пайдаланушы аталған міндетті орындамаған жағдайда өзіне толық жауапкершілік артады. Шарттың әрекет ету мерзімінде Пайдаланушының тіркеу деректерін қолданып іске асырылған барлық әрекетті Пайдаланушы орындаған болып есептеледі. Логин және құпия сөзді үшінші тұлғаға берген жағдайда Пайдаланушы атынан үшінші тұлғаға қол жеткізуге рұқсат берген жағдайда, осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттерді Пайдаланушы өзіне артады. Логин мен құпиясөзді рұқсатсыз біреу пайдаланса, Пайдаланушы құпиясөзді дереу өз бетімен өзгертуі немесе Операторға логин және/немесе құпиясөзді өзгерту қажеттілігі туралы хабарлауы тиіс;

5.3.8. Порталда орналастырылған Оператордың Қызметтерді көрсетуге байланысты ресми ақпаратымен танысуға;

5.3.9. Қызметті пайдалану кезінде белгіленген техникалық талаптарды сақтауға және жабдықты зақымдауға және Деректерді өңдеу орталығының және Оператордың байланыс желісінің бұзылуына әкеп соқтыратын іс-әрекеттер жасамауға;

5.3.10. Операторды Пайдаланушының қызметін тоқтату, алдын ала тарату туралы тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті;

5.3.11. Осы Шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелер.

5.4. Пайдаланушы:

5.4.1. Операторға көрсетілетін Қызметтердің талаптары мен сапасына қатысты мәселелер бойынша Порталда көрсетілген телефондар арқылы және техникалық немесе ақпараттық қолдау қажет болған жағдайда порталға өтінім жіберу арқылы хабарласуға құқылы.

5.4.2. Осы Шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасына көзделген өзге де құқықтарға ие.

6. Есеп айырысу тәртібі

6.1. Осы Шарт бойынша Қызметтердің құнын Оператор өзі белгілейді және ол Оператордың Порталында жарияланады.

6.2. Пайдаланушы Қызметтерді қосу күніне дейін және әрі қарай есептік айдың 1 күнінде Дербес шотта тиісті айға арналған Тарифтік жоспарға сәйкес жалпы сомадан кем емес қаражат болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Оператор Қызметтерді Пайдаланушының Дербес шотында жоғарыда көрсетілген сома болған жағдайда қосады.

6.3. Оператор есептік айдан кейінгі күнтізбелік айдың 20 күніне дейін электрондық шот-фактуралардың веб-порталы арқылы (www.esf.gov.kz) көрсетілген Қызметтердің нақты көлеміне арналған шот-фактураны береді.

6.4. Осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлемдер таңдалған тарифтік жоспарға сәйкес есептік кезеңде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде жасалады.

6.5. Пайдаланушы Порталдағы Дербес шотты Қызметтерге төлем жасау үшін ғана пайдалана алады.

6.6. Күнтізбелік ай қызметтер көрсетілетін және есептелетін есеп кезеңі болып саналады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін Шарттың талаптарына сәйкес, ал Шартта реттелмеген бөліктері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7.2. Пайдаланушы осы Шартты орындау шеңберінде (өзара әрекеттесу) Өтінішке қол қойған кезде берілген ақпараттың дұрыстығы мен толықтығына жауапты.

7.3. Оператор жауап бермейді:

7.3.1. Оператор Пайдаланушының Қызметтерді пайдалана алмауына немесе тиісті деңгейде пайдаланбауы салдарынан туындаған қандай да бір залалы үшін жауап бермейді.

7.3.2. Жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді ауыстыруға немесе оператордың техникалық құралдарын жұмыс күйінде ұстау және дамыту қажеттілігінен туындаған басқа жұмыстарды жүргізуге байланысты Қызметтер көрсетудегі толық немесе жартылай үзілістерге, Пайдаланушыға мұндай жұмыстар жүргізілетін туралы кемінде бір тәулік бұрын алдын ала Порталда ақпараттарды орналастыру арқылы хабарлаған жағдайда;

7.3.3. метеорологиялық жағдайлар, жер бедері және басқа да объективті себептерге байланысты радио толқындарының таралу ерекшеліктеріне байланысты Қызметтердің сапасы нашарлауына;

7.3.4. Оператордың байланыс орталығынан алған, Оператордың нұсқаулығын Пайдаланушы дұрыс қолданбауы себебінен туындаған Пайдаланушы үшін жағымсыз ықтимал салдарларға;

7.3.5. Қызметтердің қанағаттанарлықсыз сапасына, Қызметтерді көрсету мерзімдері бұзылуы немесе Пайдаланушының бұзылған және/немесе Оператордың талаптарына сәйкес келмейтін жабдықты пайдалануы салдарынан Қызметтерді көрсетудегі үзілістерге;

7.3.6. Қызметтерді көрсету кезінде Пайдаланушының Операторға беретін (алатын) ақпараттың мазмұнына;

7.3.7. Операторға байланысты емес себептермен, электр энергиясын беруде ірікілістер болған жағдайда байланыс қызметін көрсетудегі үзілістерге;

7.3.8. Қызметтерді пайдалану нәтижесінде Пайдаланушыға келген залалдарға;

7.3.9. Осы Шарттың 5.3. тармағында көзделген, Пайдаланушының міндеттемелерін орындамау және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан Пайдаланушы мен үшінші тұлғалар арасында туындайтын даулар бойынша;

7.3.10. Операторға тиесілі емес бағдарламалық қамтамасыз ету немесе жабдық бұзылған жағдайда Қызметтерді көрсетудегі үзілістерге;

7.3.11. Оператордың байланыс желілерінде жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың іс-әрекеттері үшін және аталған органның Пайдаланушы туралы және көрсетілген Қызметтер туралы ақпараттарды үшінші тұлғаларға ашуына, сондай-ақ құқық қорғау органдарының Пайдаланушыға қызмет көрсетуді тоқтату және/немесе шектеу туралы талаптарына;

7.3.12. Оператор Порталға осы Шарттың талаптарының және тарифтік жоспардың өзгергені туралы ақпаратты жариялағаннан кейін Пайдаланушының хабардар еместігіне;

7.4. Пайдаланушының Жеке кабинетіне кіретін логині мен құпиясөзі Пайдаланушының Порталдағы Жеке кабинетіне кіруі үшін қажетті және жеткілікті ақпарат болып табылады. Пайдаланушы логин мен құпиясөздің қауіпсіздігіне жауап береді, оларды сақтау әдісін өзiгiнен таңдайды. Пайдаланушының логині мен құпия сөзі арқылы жасалған кез-келген іс-әрекеттер тиісті Пайдаланушы жасаған деп есептеледі. Логин және құпия сөзді үшінші тұлғаға берген жағдайда Пайдаланушы атынан үшінші тұлғаға қол жеткізуге рұқсат берген жағдайда, осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттерді Пайдаланушы өзіне артады. Логин мен құпиясөзді рұқсатсыз біреу пайдаланса, Пайдаланушы құпиясөзді дереу өз бетімен өзгертуі немесе Операторға логин және/немесе құпиясөзді өзгерту қажеттілігі туралы хабарлауы тиіс.

7.5. Пайдаланушы өзінің БКМ жұмысы үшін, Оператордың техникалық құралдарымен байланыс арналарын қосуды қамтамасыз етуге және аталған қосылыстың сапалы жұмыс істеуіне жауапты болады(өзі немесе өзінің серіктестері мен үшінші тұлғаларды тарту арқылы).

7. Дүлей күш жағдайлары. Форс-мажор

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттерін жартылай немесе толық орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол дүлей күш жағдайларының (форс-мажордың), атап айқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, әскери әрекеттер, блокадалар, экспорт немесе импортқа тыйым салу,

мемлекеттік органдарының актілерін қабылдау және т.б. ықпалы салдарынан болып табылса, бұл жағдайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттерін атқаруға тікелей әсерін тигізсе және Тараптар мұндай әсерге кедергі келтіре алмаған және болған жағдайда қолданылуын күтуге болатын, барлық мүмкін болатын шараларды және әрекеттерді қолданған жағдайда.

8.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы болған кезде, осындай жағдайда қалған Тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа жазбаша түрде уәкілетті органмен берілген дүлей күш жағдайын растайтын құжатты қосып хабарлама жіберуге міндетті.

Хабарламахатта дүлей күш жағдайының толық сипаттамасы, осындай жағдайлардың салдарын барынша азайту үшін, Тарап қолдануды жоспарлап отырған мүмкін болатын салдар мен шаралар баяндалуы керек.

8.3. Егер дүлей күш жағдайлары 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық созылса, онда әр Тарап Шарт бойынша міндеттерді одан қарай орындаудан бас тартуға құқылы.

9. Шарттың қолданылу мерзімі. Шартты бұзу тәртібі

9.1. Осы Шарт Пайдаланушының №1 Қосымшаға сәйкес Өтінімге қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді және мерзімі шектеусіз болып табылады.

9.2. Оператор кез-келген уақытта өз қалауы бойынша осы Шарттың талаптарын өзгертуге, сондай-ақ Тарифтік жоспарға өзгертулер енгізуге құқылы, бұл туралы ақпаратты Порталға өзгерістер енгізілгенге дейін кем дегенде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын орналастырып Пайдаланушыны хабардар етеді. Шартқа енгізілетін өзгерістер, егер мұндай орналастырудың толықтырылуы күшіне енетін басқа уақыт кезеңі көрсетілмесе, өзгертілген мәтінді Порталға орналастырған сәттен бастап күшіне енеді. Шарттың мәтіні өзгерген немесе жаңа мәтін жарияланған күннен бастап Пайдаланушы шарттағы өзгерістер туралы хабардар деп саналады.

9.3. Пайдаланушыдан Шарттағы өзгерістерді қабылдамайтыны туралы жазбаша бас тартуды алған жағдайда, Оператор Пайдаланушыдан жазбаша бас тартуды алған күннен бастап осы Шарт бұзылған болып есептеледі.

9.4. Пайдаланушы Шартты бұзуға және Порталдағы Жеке кабинеті арқылы барлық БКМ қызметтен ажырату туралы өтінімге қол қою арқылы Қызметтерді пайдаланудан бас тартуға құқылы.

9.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Пайдаланушы осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда Оператор біржақты тәртіпте осы Шартты бұзуға және Қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.

9.6. Сонымен қатар, Оператор Пайдаланушыға алдын ала ескертпей, біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға құқылы:

9.6.1. Пайдаланушы Оператор қызметтерін 6 (алты) ай бойы қатарынан пайдаланбаса;

9.6.2. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе осы Шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда;

9.6.3. Пайдаланушы өзінің тіркеу деректерін және мәліметтерін дұрыс бермесе;

9.6.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шартты бұзуға басқа негіздер болса.

9.7. Шартты бұзған немесе тоқтатқаннан кейін Пайдаланушының Дербес шотындағы пайдаланылмаған қалдықты (Қызмет көрсету үшін алынбаған) қайтару Пайдаланушының Оператордың қызмет көрсету кеңселері арқылы жазбаша жазған өтінімін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Ақшаны қайтару Пайдаланушының банк шотына аудару арқылы ақшалай түрде жүзеге асырылады, Пайдаланушы жазған өтінімінде реквизиттерін көрсетуі тиіс.

9.8. Оператор Шартты бұзған, әрекетін тоқтатқан күннен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін, егер Пайдаланушы жоғарыда көрсетілген мерзімде ақша қалдығын қайтару туралы өтініш бермесе Пайдаланушының Дербес шотынан ақшаның қалдығын алуға және оны өзінің кірісіне аударуға құқылы.

10. Құпиялылық және дауларды шешу

10.1. осы Шарт бойынша Тараптардың бір-біріне қағаз немесе электронды тасымалдағыштарда берген барлық құжаттары, материалдары және ақпараттары құпия ақпарат болып табылады.

10.2. Тараптар құпия ақпаратты сақтау және оны қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға, оның ішінде Тараптарды қайта ұйымдастыру немесе тарату кезінде де міндеттенеді.

10.3. Тараптар дүлей күштің салдарынан немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының күшіне енген жағдайлардан басқа, құпия ақпараттың алдын-ала және/немесе мәжбүрлі түрде ашылуы жағдайларын қоспағанда, басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға құпия ақпаратты ашуға және жария етуге жол бермейтіндігімен келіседі тиісті юрисдикциядағы сот немесе құзыретті мемлекеттік органдар мен әкімшіліктің құқықтық талаптары ескеріледі және кез келген осындай ашу жағдайда:

10.3.1. Тарап құпия ақпаратты жариялау қажеттілігі туындаған тиісті оқиғалардың туындауы туралы, сондай-ақ мұндай жариялаудың шарттары мен мерзімдері туралы басқа Тарапты хабардар етеді;

10.3.2. Тарап тиісті заңдық соттардың шешімдері немесе құзыретті мемлекеттік органдар мен әкімшіліктің заңды талаптары күшіне енген Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін қолдану арқылы ашылуы қажет құпия ақпараттың тек бөлігін ғана ашатын болады.

10.4. Осы Шарттың тиісті Тарабы өз қызметкерлерінің және құпия ақпаратқа қол жеткізген басқа да адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жауапты болады.

10.5. Осы Шарттың мақсаттары үшін Құпия ақпараттың жариялануы тиісті Тараптың екінші Тараптың рұқсатсыз әрекеттерін білдіреді, соның нәтижесінде кез келген үшінші тарап құпия ақпаратпен танысуға және оларға қол жеткізе алады.

10.6. Құпия ақпараттың жариялануы ақпараттардың құпиялығын қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етпегендіктен және үшінші тұлғалардың

осындай ақпаратқа қол жеткізілуіне әкеліп соқтырған мүдделі Тараптың әрекетсіздігіне де назар аударады.

10.7 Осы Шартта қамтылған мәселелер бойынша немесе оған байланысты мәселелер бойынша даулар, талаптар және (немесе) кінәрат-талаптары болған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер жолымен шешудің барлық мүмкін және ақылға қонымды шараларын қабылдауға міндеттенеді. Тараптардың дауды сотқа дейінгі қарау тәртібі міндетті болып табылады.

10.8. Шартты бұзу Тараптарды Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қабылданған міндеттемелерін орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау жауапкершілігінен босатпайды.

11. Дауларды шешу

11.1. Шартқа немесе Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы немесе орындамауына байланысты туындаған кез-келген даулар немесе келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешуге бар күш-жігерін салады.

11.2. Дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, онда даулар Оператордың орналасқан жері бойынша сотта қаралады.

12. Басқа жағдайлар

12.1. Шартта реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

12.2. Егер осы Шартта басқа жағдайлар қарастырылмаса, Тараптар арасында осы Шарт бойынша ақпаратпен (материалдармен) алмасу тек жазбаша түрде жүргізіледі. Тараптардың жазбаша хабарламалары (оның ішінде шағымдар, хабарламалар және т.б.) пошта, факс, электронды пошта, курьер арқылы жіберіліп. Тараптың (оның уәкілетті өкілінің) қолына тапсырылады немесе тасымалдау фактісін (күнін, уақытын) және жіберушіні тіркеуге мүмкіндік беретін басқа да тәсілдермен жеткізіледі. Электрондық пошта арқылы ақпарат алмасу хабарламаны алған Тараптан тиісті растау алғаннан кейін ғана жүзеге асырылды деп есептеледі.

12.3. Пайдаланушы Порталдағы Жеке кабинеті арқылы №1 өтінімге қол қоя отырып, өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді.

12.4. Осы Шарт бойынша Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері үшінші тұлғаларға берілмейді.

12.5. Оператор Пайдаланушыны Портал арқылы және/немесе Пайдаланушы берген электронды байланыс арналары арқылы хабардар етіп Шартқа толықтырулар мен өзгертулерді енгізуі мүмкін.

12.6. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, танысу және оған қосылу мақсатында Порталда орналастырылады.

Оператордың мәліметтері:

«Транстелеком» акционерлік қоғамы

Мекен-жайы: РҚ, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев 10

Бенефициар: _____

БСН 991140001226

**«Сбербанк» АҚ ЕБ
БСК SABRKZKA
ЖСК KZ80914398416BC09284 (KZT)**

2019 жылғы «18» 06 №ТТС/39-ВП Салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асыратын ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерін қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша қызметтерді көрсету Шартына №1 қосымша

ӨТІНІМ ФОРМАСЫ

**Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына өзгермеген түрінде беру бойынша қызметтерді көрсету Шартына қосылуға арналған
№1 Өтінім**

«Транстелеком» акционерлік қоғамы
ФДО атауы

ПАЙДАУШЫ

Занды тұлғалар үшін құрылтай құжаттарына сәйкес толық және қысқартылған атауы. Жеке кәсіпкерлер үшін аты-жөні

ЖСН	
БСН (занды тұлғалар үшін)	
Занды мекен-жайы	
Есеп айырысу деректері: банк, БСК, ЖСК	
E-mail	
Телефон	

Мен осы арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сату кезінде салық төлеушінің жүзеге асыратын ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерін қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша қызметтерді көрсету (бұдан әрі - Шарт) қосылатынымды мәлімдеймін.

Мен осы Шарттың ережелерін, оның ішінде толық баяндалған талаптарды орындауға міндетті боламын және ол мен үшін міндетті күшке ие болып табылады.

Тарифтік жоспармен таныстым.

Пайдаланушы

_____/_____/_____/_____
(аты-жөні) (лауазымы) (күні) (қолы)

2019 жылғы «18» 06 №ТТС/39-ВП Салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асыратын ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерін қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша қызметтерді көрсету Шартына №2 қосымша

**Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына өзгермеген түрінде беру бойынша қызметтерді көрсетуге қосылу және тарифтеуге арналған
№ 2 Өтінім**

«Транстелеком» акционерлік қоғамына
ФДО атауы

ПАЙДАУШЫ

Заңды тұлғалар үшін құрылтай құжаттарына сәйкес толық және қысқартылған атауы. Жеке кәсіпкерлер үшін аты-жөні

Пайдаланушының дербес шоты _____

Пайдаланушы туралы ақпарат:	
ЖСН	
БСН (заңды тұлғалар үшін)	
Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның аты-жөні	
ЖСН (жеке тұлғалар үшін)	
Заңды мекенжайы	
Есеп айырысу деректері: банк, БСК, ЖСК	
E-mail	
Телефон	

БКМ туралы ақпарат:	
Сәйкестендіру нөмірі	
БКМ тіркеу картасының нөмірі	
Қосылатын мекенжай	

Қолжетімділік түрі	

Тарифтік жоспар	

Осы Өтінімге қол қою арқылы Пайдаланушы Қызметті қосуға және тарифтеуге келісмін береді, сондай-ақ Қызметке төлем оған қосылған сәттен, атап айтқанда: БКМ бірінші операция жасалған сәттен бастап жүзеге асырылатындығын растайды.

Пайдаланушы

_____/_____/_____/_____
(Аты-жөні) (лауазымы) (күні) (қолы)